

**Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (жалпы бөлім) күшіне енгізу туралы<
*>**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысы 1994 жылғы 12 желтоқсан N 941. ЕСКЕРТУ. ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1029 қаулысын қараңыз.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) 1995 жылғы 1 наурыздан бастап күшіне енгізілсін.

2. Азаматтық кодекс күшіне енгізілгеннен кейін, яғни 1995 жылғы 1 наурыздан бастап пайда болған азаматтық құқықтық қатынастарға Азаматтық кодекс (жалпы бөлім) қолданылады.

Азаматтық кодекс 1995 жылғы 1 наурызға дейін пайда болған азаматтық құқықтық қатынастар бойынша Азаматтық кодекс (жалпы бөлім) күшіне енгізілгеннен кейін пайда болатын құқықтар мен міндеттерге қолданылады.

3. Алдағы уақытта Қазақстан Республикасының заңдары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен (жалпы бөлім) сәйкес келтірілгенге дейін, олар Азаматтық кодекске (жалпы бөлім) қайшы келмейтіндіктен, Қазақстан Республикасының заңдары қолданыла береді. Бұл орайда Азаматтық кодекске (жалпы бөлім) сәйкес тек заң құжаттарымен ғана реттелуі мүмкін мәселелер жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен қаулылары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары алдағы уақытта тиісті заң құжаттары күшіне енгізілгенге дейін қолданыла береді.

4. Азаматтық кодекс (жалпы бөлім) ресми жарияланғанға дейін құрылған шаруашылық серіктестіктер мен өндірістік кооперативтерге оның шаруашылық серіктестіктер мен өндірістік кооперативтердің тиісті түрі туралы қалыптары қолданылады.

Азаматтық кодекс (жалпы бөлім) ресми жарияланғанға дейін Азаматтық кодексте (жалпы бөлім) көзделмеген ұйымдық-құқылық нысанда құрылған заңды тұлғалар 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін Азаматтық кодексте (жалпы бөлім) көзделген ұйымдық-құқылық нысанда қайта құрылуға тиіс.

Азаматтық кодекс (жалпы бөлім) қалыптарына сәйкес келтірілуіне байланысты заңды тұлғалар оларды тіркеу және қайта тіркеу кезінде алымын төлеуден босатылады.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың 1 абзацы өзгерді - ҚР Президентінің

1995.12.30. N 2738 Жарлығымен. U952738_

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың 1 абзацы алынып тасталды - Қазақстан

Республикасының 1998.03.02. Заңымен. Z980211_

5. Азаматтық кодексте көзделген талап қоюдың жаңа мерзімдері 1995 жылғы 1 наурыздан кейін туған мән-жайларға негіз болған дауларға қолданылады.

6. Азаматтық кодексте (жалпы бөлім) жанадан белгіленген мәмілелердің жарамсыздық негіздері мен жарамсыздық салдары 1995 жылғы 1 наурыздан кейін жасалған мәмілелерге қолданылады.

7. Азаматтық кодекстің (жалпы бөлім) 240-бабының күші (сатып алу мерзімінің ескіруі) мүлікті иелену 1995 жылғы 1 наурызға дейін басталған және осы Кодекс күшіне енгізілгенге дейін жалғасқан жағдайларға да қолданылады. <*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының
1998.03.02. Заңымен. Z980211_

8. Азаматтық кодексте (жалпы бөлім) көзделмеген негіздер бойынша, меншік құқығын тоқтату туралы істер бойынша сот ісін жүргізу қысқартылуға тиіс.

Мұндай істер жөнінде шығарылған, бірақ орындалмаған сот шешімдері 1995 жылғы 1 наурыздан кейін күштеп орындалмауға тиіс.

9. Азаматтық кодексте (жалпы бөлім) соттың немесе төрелік соттың жүргізуіне жатқызылған, әкімшілік және өзге органдардағы жүргізілуі 1995 жылғы 1 наурызға қарай аяқталмаған істерді соттар немесе төрелік соттар олардың бағыныстылығына сәйкес қарауға тиіс.

10. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) күшіне енгізілген кезден бастап мыналардың күші жойылды деп танылсын:

Қазақ КСР Азаматтық кодексінің кіріспесі, 1 - 223-баптары (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен Үкіметінің Жаршысы, 1964 ж., N 2);

КСР Одағы мен республикалардың Азаматтық заңдары негіздерінің 1 - 73-баптары (КСРО халық депутаттары Съезінің және КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 26, 733-құжат);

Қазақстан Республикасының заңдары:

"Меншік туралы" (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 1, 18-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 8, 204-құжат);

"Кәсіпорындар туралы" (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 8, 96-құжат, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 24, 594-құжат, 1993 ж., N 8, 179-құжат, 1993 ж., N 10, 253-құжат);

"Кепіл туралы" (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 52, 638-құжат);

11. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне:

1995 жылғы 1 қазанға дейін:

- жылжымайтын мүлік және онымен мәміле жасау құқығын тіркеу туралы, жылжымайтын мүлік кепілдігі туралы, мемлекеттік кәсіпорын туралы, шаруашылық

серіктестіктер туралы, заңды тұлғаларды тіркеу тәртібі туралы, өндірістік кооператив туралы заңдардың жобаларын әзірлеп, белгіленген тәртіппен табыс ету;

- Қазақстан Республикасының заң құжаттарын Қазақстан

Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) сәйкес келтіру туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына табыс ету;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен әкімдерін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) сәйкес келтіру тапсырылсын.

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Кеңесінің

Төрағасы